

№ 07 (209)  
Шілде 2025 жыл

# АІВҮН



Республикалық әскери-патриоттық  
журнал



**Сағадат НҰРМАҒАМБЕТОВ**

Армияда «үлкен командир кіші командирді үйретеді»  
дейтін принцип болу керек.



## Қадірменді, оқырман қауым!

«Айбын» журналының кезекті саны қолдарыңызға тиіп отыр. Жылдың екінші жартысынан бастап біз журналдың мазмұнын өзгерткенді жөн санадық. Ендігі жерде «Айбын» журналында ел әскеріндегі қолбасшылар мен командирлердің қызметі мен жинақтаған тәжірибесі көрініс табады. Сондай-ақ, әскер тектері мен түрлерінің кәсіби мерекесіне орай әзірленетін мазмұнды материалдар да жарық көрмек. Әрине, журналдың әрмен қарай әрін келтіретін ойлы оқырман өздеріңізсіздер. Ендеше, сіз болып, біз болып айбынды армиямыздың айбарын «Айбын» журналында мейлінше айшықтауға атсалысайық.



## МАЗМҰНЫ:

ДАҢҚТЫ ҚОЛБАСШЫНЫҢ  
ДАРА ЖОЛЫ ..... 4

ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ  
ҚАЛҚАНЫ ІСПЕТТІ ..... 8

ҚУАТТЫ ӘСКЕРДІҢ ТІРЕГІ -  
ЗАҢ МЕН ТӘРТІП ..... 12

АРМИЯ В ЕГО СУДЬБЕ ..... 17

СИМВОЛЫ МУЖЕСТВА..... 20

СЛУЖИТЬ НА БЛАГО  
АРМИИ ..... 22

ПРОФЕССИОНАЛЫ НА  
ПОСТУ ..... 26


ПУТЬ ПАТРИОТОВ ..... 28

НА СТРАЖЕ ЮЖНЫХ  
РУБЕЖЕЙ РОДИНЫ ..... 29

СЛУЖБА В ПОГОНАХ И  
БЕЛЫХ ХАЛАТАХ ..... 31

ГЛАВНОЕ – ОСТАВАТЬСЯ  
ЧЕЛОВЕКОМ ПРИ ЛЮБЫХ  
ОБСТОЯТЕЛЬСТВАХ ..... 33

ЕҢ ҚАТЫГЕЗ, ЕҢ АУЫР, ЕҢ  
СҰРАПЫЛ СОҒЫС БОЛДЫ ..... 35



# АУЫН

Республикалық әскери-патриоттық журнал

БАС РЕДАКТОР  
Ерлібай Қадырбай

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР  
Тимур Аубакиров

ДИЗАЙНЕР  
Мейрам Токжуманов

ТІЛШІЛЕР  
Рима Әбеуова  
Фархат Кинжитаев  
Алуа Исакова  
Нариман Дюсенов

КОРРЕКТОРЛАР  
Сымбат Нұрхайдарова  
Наталья Варнавская

ФОТОТІЛШІ  
Журналда Думан  
Құрманғалиевтің  
фотолары пайдаланылған

E-MAIL: [info@sarbaz.kz](mailto:info@sarbaz.kz)

МЕНШІК ИЕСІ:  
«Әскери ГАЗ Медиа» ЖШС Қазақстан  
Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл  
ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана  
көшесі, 11 үй.  
Тел. 8 (7172) 25-21-63

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрлігінің  
тапсырысы бойынша  
шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын  
білдірмейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер  
рецензияланбайды және авторларға  
қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар  
және даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы  
30-сәуірінде №5341-Ж куәлігі берілген  
Шығуы ай сайын. Бағасы еркін.  
Таралымы 793 дана. Тапсырыс № 07



# ДАҢҚТЫ ҚОЛБАСШЫНЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

**КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ, ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЫ, ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ, АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВ ТУРАЛЫ КӨП АЙТЫЛЫП ТА, ЖАЗЫЛЫП ТА ЖҮР. «АЙБЫН» ЖУРНАЛЫНДА БІЗ ТАҒЫ ДА ТАРИХИ ТҰЛҒА ТУРАЛЫ ТАРАТА ӘҢГІМЕЛЕУДІ ЖӨН КӨРДІК. ӨЙТКЕНІ, ЕНДІГІ ЖЕРДЕ «АЙБЫН» ЖУРНАЛЫ ҚАЗАҚСТАН ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНДЕГІ ҚОЛБАСШЫЛАР МЕН КОМАНДИРЛЕРГЕ, ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ЖИНАҚТАҒАН ТӘЖІРИБЕСІНЕ АРНАЛАТЫНДЫҚТАН ОЛАРДЫҢ КӨШ БАСЫНДА АРМИЯ ГЕНЕРАЛЫ САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВ ТҰРҒАНЫ АНЫҚ. ЕНДЕШЕ, ДАҢҚТЫ ҚОЛБАСШЫНЫҢ ДАРА ЖОЛЫН ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНАМЫЗ.**

## Батырдың балалық шағы

Сағадат Нұрмағамбетов 1924 жылы қазіргі Ақмола облысы, Ақкөл ауданы, Қосым ауылында туған, үйдің кенжесі. Әкесі – Қожахмет, анасы – Айса, ағасы – Сағит. Сағадат дүние есігін ашуға бір ай қалғанда әкесі Қожахмет өмірден озады. Айса жалғыз қалып, екі ұлын асырау үшін бар күшін салады. Алайда елімізді ашаршылық жайлаған 1932 жылы Сағит пен Сағадат отбасының тірегі болған ана-ларынан айырылып, тұл жетім қалады. Ол кезде Сағадат бар-жоғы 7 жаста еді.

Сағадат үшін жалғыз ағасы Сағит әке де, шеше де болады. Бірақ сұм соғыс ағасын да көп ұзатпай майдан даласына алып кетеді. Ол ағасын жанындай жақсы көрген екен.

"Ағам шымыр денелі, жұдырығы тоқпақтай, қой көзді, анама ұқсайтын еді", - дейді Сағадат Нұрмағамбетов. Алайда Ұлы Отан соғысына аттанған оның жалғыз ағасы

Новгород түбіндегі шайқаста қаза табады.

Отбасынан айырылған Сағадат Нұрмағамбетов ерте есейіп, жастайынан алғыр, өжет болып өседі. Туыс атасы Әлжан айтқан Қобыланды батыр, Алпамыс батыр туралы жыр-дастандарды сүйсіне тыңдайды.

Ол Ақкөл ауданындағы (бұрынғы Алексеев) мектепте оқыған. Екі сыныпты бір жылда бітіріп, зеректігімен ерекшеленеді. Сағадат география және тарих пәнінің мұғалімі болуды армандаған. "Жұмулы көзбен ол әлем картасынан кез келген жерді көрсетіп бере алатын", - дейді батырдың замандастары естеліктерінде.

Сағадат Қосым ауылында соғыс жылдары есепші, клуб меңгерушісі қызметтерін атқарады.

## Сағадат Нұрмағамбетовтің ерлігі

1942 жылдың шілде ай-



ында 18 жаста кеңес әскер қатарына қабылданып, Түрікменстанда пулеметшілер дайындайтын училищені үздік аяқтайды. Кейін взвод командирі ретінде майдан шебіне аттанады. Кубань, Дон, Молдавия жерлерінде, Одер, Шпрее өзендерінің бойында жан алысып, жан беріскен шайқастарға қатысады.

1945 жылы 17 қаңтарда Нұрмағамбетов Польша жерінде жау қорғанысын бұзып өту кезіндегі жауынгерлік тапсырманы ержүректілікпен орындайды. Магнушев плацдармында болған шайқаста ол басқаратын пулемет ротасы 2 күн ішінде 120 фашист пен 12 пулемет орналасқан орынның көзін жояды. Варшава қаласынан 60 шақырым жерде орналасқан Магнушев қаласын жау әскерінен тазарту кезінде Нұрмағамбетов әскерлерді сауатты басқара білуімен көзге түседі.

Шайқастардың бірінде станокты пулемет дәлдеуіші істен шығады. Соған қарамастан Нұрмағамбетов пулеметті қолына алып, жау әскеріне оқты қарша боратады. Осылайша, ол фашистердің 2 жойқын шабуылына тойтарыс беріп, 65 фашист әскерін өлтіреді.

Нәтижесінде Сағадат Нұрмағамбетов басқарған



рота Польшаның Пилица өзенінен өтеді. Онда рота 35 жау әскерін өлтіріп, 6 пулемет

орналасқан жердің көзін жояды. Осылайша, оның ротасы кеңес әскерінің алға жылжуына мүмкіндік жасайды. Сенаттың бұрынғы төрағасы, қазіргі Қазақстанның президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұл шайқастарды кеңес әскерінің қолбасшысы Георгий Жуков өзі бақылағанын айтады.

"Нұрмағамбетов қатысқан ұрысты Кеңес одағының маршалы Жуков бақылапты. Ол Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес одағының батыры атағын беруге ұсынады. Бұл нақты ерлік еді", - дейді ол "Долг, Честь, Подвиг Сағадата Нурмагамбетова" атты деректі фильмде.



Осылайша, 1945 жылдың 27 ақпанында 21 жасында Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес одағының батыр атағы беріледі.

Марапаттау рәсімін қазақтың батыры былайша еске алады: "Медальдарды армия қолбасшысы жеке өзі табыстады. Ол кеудемізге "Ленин" ордені мен "Алтын жұлдызды" тақты. Бізді шынайы ниетімен құттықтады. Толқынымды жасыра

алмадым. Қазақтың жетім баласына мұндай зор құрмет көрсетілгеніне сене алмадым. Әкем мен анам, Сағи ағам, отандастарым бұл жетістігімді көрсе екен деп ойладым", - дейді ол өз естелігінде.

1945 жылдың 8 мамырда Нұрмағамбетов екінші рет Кеңес одағының батыры атағына ұсынылады. Оның батальоны рейхсканцелярия ғимаратына жасалған шабуылға қатысады. Ол бұл уақытта майор атағымен атқыштар дивизиясын басқарады. 1945 жылы Берлинде Нұрмағамбетов 100-ден аса Гитлер әскерінің көзін құртып, 9 фашист бекінісін жояды, әрі 1560 жау әскерін тұтқынға алады. Осы шайқаста Нұрмағамбетов бірінші рет жараланады. Алайда қазақ сарбазына екінші мәрте Кеңес Одағының батыры атағы берілмейді.

"Ол 500-ден астам фашистің көзін жойды. 1 мыңнан астам жау әскерін тұтқынға алды. Пешков есімді полк командирі Нұрмағамбетовке екінші рет Кеңес одағы батыры атағын беруге ұсыныс жасайды. Бірақ Сағадат ағамыз бұл атақты ала алмай қалды", - дейді генерал-





лейтенант Бақытжан Ертаев Нұрмағамбетовке арналған деректі фильмде.

1945 жылдың 31 мамырында Сағадат Нұрмағамбетов Қызыл ту орденімен марапатталды. Қазақтың қаһарман жігіті соғысты Берлинде аяқтады.

Ол 1946-1949 жылдар аралығында Мәскеудегі Фрунзе атындағы Әскери академияны бітіріп, Орта Азиядағы Түркістан әскери округіне полк басқаруға жіберілді. Кейін әртүрлі штабтық, командалық лауазымдарда, оның ішінде Қазақ КСР Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, Оңтүстік топ әскерлері қолбасшысының бірінші орынбасары (Венгрия) қызметін атқарды. КСРО Қарулы Күштері Бас штабының академиясындағы курстарда білім алды.

Ал 1989 жылы Қазақ КСР

соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы, Қазақ КСР Жоғарғы кеңесіндегі ардагерлер мен Қарулы Күштер мүгедектері істері комитеті төрағасы қызметтерін атқарды.

### **Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі**

Қазақ елі тәуелсіздігін алған соң, ол туған елінің қауіпсіздігі мен қорғаныс саласын нығайтуға бар күшін салды. Оған батырдың жазып қалдырған естеліктері дәлел. Ол 1991 жылы Қазақстан Президентінің Жарлығымен Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы қызметіне кіріседі.

"Мен 1991 жылы Қорғаныс комитетінің төрағасы болдым. Қарулы Күшіміз әлі құрылмаған. Сол кезде кадр мәселесі төңірегінде ойлана бастадық. Себебі, өзге ұлттың өкілдері елдеріне кеткісі келді.

Оларды ұстап тұра алмайсың. Сол тұста жеке-жеке шаңырақ құрған республикалар өз жеріндегі әскерилерге "Ант қабылдаңдар. Қабылдасандар, кетіңдер" деп өз елдерінің антын қабылдатып жатқан-ды. Біз президентпен кеңесіп, елде қалған әскери қызметкерлердің бетін бері бұрдық", - дейді

Нұрмағамбетов өз естелігінде.

1992 жылғы 7 мамырда Сағадат Нұрмағамбетов Қорғаныс министрі болып тағайындалды.

### **Қазақстанның Қарулы Күштері қалай құрылды?**

Нұрмағамбетов Қорғаныс министрі қызметіне тағайындалған соң, сапалы





әскери мамандарды даярлауға бар күшін салады.

"Жаңадан құрылғалы тұрған Қарулы Күшімізге қажетті мамандарды қайда даярлаймыз? деген сұрақ туындай бастады. Сонда біз қайттік, Ресейдің Бас штабымен республикаға кадр дайындау жөнінде шарт жасастық. Ресей әуелі келісім бере қойған жоқ, біз түгілі Украина мен Белоруссияны да жолатпады.

Не керек, түбінде келісімге келіп, жыл сайын 40 офицерді әскери академияға, 250-300 офицерді әскери училищеге оқуға қабылдайтын болды. Менің жіберген сол офицерлерімнің көбі қазіргі кезде генерал шенін алып, жоғары лауазымдарға ие болып отыр. Академияларға оқуға қазақтың офицерлерін іріктеп, елдің мүддесі үшін қызмет етер, қол бастар деп жібердім. Үміт ақталды", – дейді Халық қаһарманы.

Сонымен қатар ол естелігінде егемендіктің алғашқы жылдарында Алматыдағы әскери училищеге сол кездегі подполковник Абай Тасболатовты басшы етіп тағайындағанын жазады.

"Оған "Жігіттерді өсіресің және қазақтың баласын аласың" деп міндет жүктедім. Қазір онда 95% қазақ жігіттері оқиды. Әскери училищеге бұрын төрт мамандық болса, қазіргі уақытта оның санын 11-ге жеткіздік. Осының барлығы кадр даярлау мәселесі төңірегінде атқарылған істер еді", – дейді ардақты азамат.

### Сыпайы генерал

Ал Абай Тасболатов өз ұстазының бұл еңбегін жоғары бағалайды.

"Қан майданға бозбала боп аттанып, жиырма бір жасында Кеңес Одағының батыры атанған майдангер, министр әскер ісін ұйымдастыруда кіші офицерлер легін дайындап шығаруға басымдық берді. Осы сөзімізге тәуелсіздіктің

алғашқы жылдарында офицерлік құрам санатында "кіші лейтенант" шені қолданыста болғаны дәлел. Бұл соғыс жылдарында жауынгерлік құрамының үздіксіз легін қамтамасыз ету әдісі еді десек, Сағадат Нұрмағамбетов тап осы үлгіні тәуелсіз Қазақстандағы әскери саланың нығаюына сәтті пайдаланып, тиімді реформа жүргізе білді", – дейді Тасболатов "Сағадат Нұрмағамбетов. Сыпайы генерал, шын сардар" атты мақаласында.

Сонымен қатар Тасболатов ұстазының мінезі жайдарлы, ісіне адал болғанын айтады.

"Сағадат Қожахметұлының қарамағындағы қызметкерлерге тапсырма беріп, орындалуын талап еткенде, оның табандылығында шек болмайтын. Осы бір тұста Сағадат ағамыздың зейіні зерек болғандығын да атап өтпеске болмайды. Өйткені, ол қызметте жүрген жылдарында да, зейнеткерлікке шыққан кезеңінде де қарамағында қызмет еткен офицерлердің

барлығының дерлік аты-жөні мен әкесінің есіміне дейін жатқа біліп, туған күндерінде арнайы қоңырау шалып құттықтап жатуы көптеген кісінің таңданысын тудыратын һәм көңілдерге риясыз қуаныш сыйлайтын еді", – дейді ол.

Кеңес Одағының батыры, жазушы Бауыржан Момышұлы Сағадат Нұрмағамбетовті "сыпайы генерал" деп еске алады екен.

### Халық қаһарманы

1994 жылдың 23 мамырында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Сағадат Нұрмағамбетовке Халық қаһарманы атағы мен №1 "Алтын жұлдыз" табыс етілді.

1995 жылғы қарашада Армия генералы атағымен отставкаға шығып, Қазақстан Президентінің кеңесшісі болды.

Сағадат Нұрмағамбетов 1971-1994 жылдары республика Жоғарғы Кеңесіне бірнеше мәрте депутат болып

сайланды. Үкімет қаулысымен Астана қаласындағы "Жас ұлан" мектебіне армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің есімі берілді. Оның жауынгерлік және қайраткерлік өмір жолындағы ерліктері мен еселі еңбектері жоғары бағаланып, көптеген КСРО наградаларымен, Қазақстанның және шет елдердің ордендерімен марапатталды.

Сондай-ақ Сағадат Нұрмағамбетов Алматы, Астана, Донецк (Украина) қалаларының, Ақмола облысының, Ақкөл ауданының құрметті азаматы атанды.

2013 жылдың 24 қыркүйегінде Сағадат Нұрмағамбетов 90 жасқа қараған шағында өмірден озды. Оның артында Лира Сәбирова есімді әйелі, Талғат пен Айсұлу есімді балалары мен 4 немересі қалды.

Отан үшін от кешкен батырдың жарқын бейнесі халықтың жадында мәңгі сақталады.





# ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ ҚАЛҚАНЫ ІСПЕТТІ

**– БАЛАЛЫҚ ШАҚТАН БАСТАЙЫҚ ДЕЙСІЗ БЕ, – ДЕП БАСТАДЫ АБАЙ ӘҢГІМЕСІН. БӘРІ КҮНІ КЕШЕГІДЕЙ КӨЗ АЛДЫМДА. АУЫЛДА ӨСТІМ. НИКОЛАЕВКА, ӨЗІМІЗ КӨБЕШ ДЕЙМІЗ ҒОЙ, ҚАЗАҚ-ОРЫСЫ АРАЛАС ҮЛКЕН ЕЛДІМЕКЕН ЕДІ. ДӘЛ ІРГЕДЕ СЫЛАНДАП ЕРКЕ ЕСІЛ АҒЫП ЖАТАТЫН. ҚАЗІРДЕ ДЕ СОЛАЙ ҒОЙ. ЖАЗ ТУСА ТАҢЕРТЕҢНЕН КЕШКЕ ДЕЙІН КӨК МАЙСАНЫҢ ҮСТІНДЕ АСЫР САЛЫП, СУДАН ШЫҚПАЙМЫЗ. АТАМ МЕН ӘЖЕМ СОҢЫМДА ЖҮРЕДІ. АДАМ БОП ЕРЖЕТКЕНІМ, БӘРІ-БӘРІ СОЛ КІСІЛЕРДІҢ АРҚАСЫ ҒОЙ...**

Ол ойланып қалды. Дәл осы сәтте кірпігіне мұң ілінгендей... Тағдырдың жазуы солай болған шығар, әкенің де, шешенің де мейіріміне бөлену бақыты бұған бұйырмапты. Бірақ жетім қозының күнін кешкен жоқ, атасы мен әжесі қолында барын Абайының аузына тосып, ешкімнен кем қылмай алақанына салып өсірді. «Қазақта Абай деген ел мақтанышына айналған ұлы ақын болған. Сен де өсесің, атыңа сай үлкен азамат боласың. Ол үшін көп оқуың керек, қазір дүниенің бәрі білімде», дейтін атасы. Әттең, дүние-ай, бұл мектеп табалдырығын аттаған жылы қария қайтыс болып кетті. Ауыл арасында өте сыйлы, діндар адам еді. Ептеп домбыра шертетін. Ол кезде Қызылжар өңірінде Баян, Ленин сияқты жақсы білім беретін үш-төрт-ақ қазақ мектебі болатын.

Есімі облыстан да тысқары жерлерге жақсы мәлім Ленин орденді ұстаз Асқар Игібаев басқарған біздің Николаевка орта мектебінің атағы дүркіреп тұрды. Мұғалімдердің бәрі де сайдың тасындай іріктелген өз ісінің нағыз шеберлері еді...

Уақытта тоқтау жоқ, мектеп қабырғасындағы күндер зымырап өте шықты. Балалық шақпен қоштасатын сәт те алыс емес. Абай кәдімгідей қиналып жүр. Болашаққа өздерінше жоспар құрып жүрген құрбы-құрдастарынан қалмай оқуға барғысы келеді. Апасын да (ол әжесін осылай атап кеткен) қимайды. Осындай күндердің бірінде апасы Абайға қаймақ құйған қою шайды ұсынып жатып, тосыннан сұрақ қойды. «Жұрттың балаларының бәрі оқуға бармақ болып жатқан көрінеді. Сенің не ойың бар?» Ол көп ойланған жоқ, жауабы дайын еді. «Әскери қызметкер





болғым келеді», деді. Бұл жауап өмірінде шалғайдағы ауылдан ешқайда ұзап шықпаған қазақтың кемпірін шошытуы керек еді. «Қарағым-ау, бұл не сөзің, жұрттың баласы сияқты осы ауылға қажет оқудың біріне бармайсың ба, агроном бол, тіпті мұғалім, дәрігер кімнен кем?!» деп әжесі азар да безер болатын шығар деп ойлаған. Бірақ ол кісі немересінің қалауына бірден құлай кетпегенмен, мұны қинаған жоқ. Ойланған күйі отырып қалды. Шыны сол, әжесі ешқайда бармайсың, оқу осында да бар, қасымда боласың, жұмыс істе, көмектес десе, айтқанынан шыға алмас еді. Өйткені, оған бұл кісіден жақын, қымбат жан жоқ.

Он бес жасқа толғанша туған анам деп келген, апа деп кеткен. Кейін бәрін, мұның анасы Дариханың көрші ауылда тұратынын, өз отбасы бар екенін, төрт айында атасы өлердегі сөзін айтып алып қалғанын, анасының алғашында емшектегі баланы қалай тастап кетемін деп қиналғанын, бере алмаймын дегенін, тек атасының теріс батасынан ғана қаймығып айтқанға көнгенін, шалының ақ тілегі келінінің бағын ашып, он баланың анасы болып отырғанын, сөйтіп жөргектегі сәбиді бауырына салып емізгенін, елуден асқан шағында емшегінен сүт шыққанын, әжесі тәптіштеп айтып берген. «Анаңды да ұмытпа, оның еш кінәсі жоқ», деген. Осылай деген әжесі бұл оқу бітірген соң алыс жолға ақ батасын беріп шығарып салған.

Содан Абай Ташкенттен бір-ақ шықты. Осындағы әскери училищеге Солтүстік Қазақстан облысынан құжат тапсырған 14 баланың 4-еуінің ғана, араларында Абай да бар, жолы болды. Оның арғы жағы белгілі ғой, әскери тәртіп, күні-түні жаттығу, бастық көп, дамыл жоқ... Екінші курста

оқып жүргенде Алматыда әскери училище ашылып, Абай сонда ауысты. Оқуын тәмамдағаннан кейін училище қабырғасында өзін тек жақсы қырынан ғана танытқан жас офицерді қызметке орналастыру мәселесі тез шешілді. Ол курсанттар взводын басқаратын болды. Рота, батальонға жетекшілік етті. Сөйтіп, кеңес заманының кезінде-ақ көзге түсіп «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен наградталды. Бұл көп жағдайда әскери ұрыстарға қатысып, ерлік көрсеткендерге ғана берілетін марапат еді. Кешікпей оның өңіріне орден де қадалды. Оны сол кездегі Кеңес Одағының Қорғаныс министрі А.Гречконың қолынан алды.

Ойламаған жерден одақ ыдырап, туған еліміз тәуелсіздігін жария еткен кезде Абай Тасболатов Мемлекеттік қорғаныс комитетінің бөлім бастығы болып істейтін. Бір күні оны Мемлекеттік қорғаныс комитетінің бастығы, генерал-лейтенант Сағадат Нұрмағамбетов шақырып алып, Алматыдағы жоғары жалпы әскери командалық

училищесінің бастығы қызметіне ұсынбақ ойы бар екенін айтты. Бұл Абай үшін күтпеген ұсыныс еді. Сондықтан ол жүрексінетінін жасырмай, орынбасар болсам қайтеді деген ойдың ұшығын шығарған. Бірақ генерал оның бұл уәжін қабылдай алмайтынын кесіп айтты. «Тәуелсіз ел болдық, жедел шешетін мәселелер көп. Ендігі жерде тізгін өздерің сияқты ел азаматтарының қолында болуы керек», деген ол.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1991 жылдың қазан айында Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы, ал келесі жылдың мамыр айында Қазақстан Президентінің Жарлығымен еліміздің Қорғаныс министрі болып тағайындалған генерал-полковник, кейін Армия генералы болған Сағадат Нұрмағамбетов әскерилер арасында өте беделді адам-тын. Ұлы Отан соғысына қатысып, жиырма бір жасында Кеңес Одағының Батыры атағын алған, от пен оқтың арасында шыңдалған, соғыстан кейін жауынгерлік жолын кеңестік жүйенің қорғаныс

саласында жалғастырып, Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, Оңтүстік әскерлер тобы қолбасшысының бірінші орынбасары дәрежесіне көтерілген айтулы тұлғаның ел қалқаны – Қарулы Күштердің тағдыры, болашағы шешіліп жатқан аумалы-төкпелі күндері М.Алтынбаев, Б.Ертаев, Ә.Жарболов, У.Еламанов сынды майталмандармен бірге А.Тасболатовқа да сенім артуы кездейсоқтық емес еді. Бұл кезде ол да әскери қызметтің қыры мен сырына әбден қаныққан білікті де білімді командирлердің бірі болатын.

**Ол өзіне тапсырылған қызметтің жауапкершілігін бір сәтке де есінен шығарған жоқ, бар күш-жігерін, білімін сол сенім үдесінен көрінуге жұмсады. Осы қызметті он жыл абыроймен атқарған кейіпкеріміз 2002 жылдың қаңтар айында Президенттің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары болып тағайындалды. Тура төрт жылдан соң Президент оған**





### **республикалық ұланның тізгінін ұстатты.**

Тәуелсіз Қазақстанның қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы айрықша құрылым бұл. Республикалық ұлан құрылғаннан бергі уақыт ішінде оның қатарында он мыңнан астам сарбаз әскери даярлықтан өтіпті. Олардың көпшілігі қазірде еліміздің түрлі күш құрылымдарында өз қызметтерін абыроймен атқарып жүр. Ұлан сарбаздары негізгі жауынгерлік міндеттерін мінсіз атқара жүріп, қоғам өміріне де белсене араласады. Олардың өнеріне, спорттағы жетістіктеріне отандастарымыз ғана емес, шетелдіктер де тәнті. Мысалы, 1996 жылы екі жүзден астам жауынгерлерден тұратын үлкен топ Малайзияға барып, ол елдің бірнеше қаласында әскери өнер үлгілерін көрсетті. Сондай-ақ, Ұланның Құрмет қарауылы Мәскеудегі Қызыл алаңда өтетін «Спасск мұнарасы» халықаралық әскери-музыкалық фестиваліне бірнеше рет қатысып, шеру жасау, қаруды меңгеру шеберлігімен

таңғалдырды. Республикалық ұлан құрамындағы Президент оркестрі де мемлекеттің айбынын асырып, сән-салтанатын паш еткен үлкен өнер ұжымы. Құрылуы мен қалыптасуына белгілі тұлғалар үлес қосқан оркестрде қазір де дарынды өнерпаздар тобы еңбектенуде. Барлық жанрлардың, түрлі ұлттар мен ұлыстардың музыка үлгілерін жоғары сапада орындайтын ұжым әлемдік сахналарда Қазақстан атынан өнер көрсетіп жүр.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы негізінде 2007 жылғы 21 наурызда дүниеге келген мемлекеттің ұлттық, нақтырақ айтқанда, әскери қауіпсіздігіне қатысты мәселелерін реттейтін, ең алдымен, қорғаныс сипатындағы жаңа Әскери доктрина қабылдануы да Қазақстанның Қарулы Күштерін дамыту мен жетілдіруге, оңтайлы құрылымы бекітіліп, әскеріміздің даму жолындағы стратегиялық қазығын айқындауға бағытталған нақты қадамдар болғаны анық. Абай Бөлекбайұлы да осы

істердің бел ортасында жүрді. Демек, оның да Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылуы мен қалыптасуына қомақты еңбек сіңіріп, өзіндік үлес қосқаны анық. Әскери салада осындай бай тәжірибе жинақтаған адамның өзіндік ой-толғаныстары болуы заңды десек, соңғы жылдары жарық көрген кітаптарының да шертер сыры аз емес. Кезекті бір кітабының таныстырылу рәсімінде сөз алған елімізге есімі жақсы танымал азамат, белгілі ақын Ербол Шаймерден: біріншіден, «Автордың ғалымдығы осы тақырыпты егжей-тегжейлі зерттеп жазуына көмек берген. Оның бұл саланы жақсы білетіні, оған өзі де тікелей араласып, еңбек етіп жүргені кітапты оқып отырғанда айқын аңғарылып, автордың қарапайымдылық қасиеті ерекше байқалады. Бұл жаңа тұрпатты әскерилеріміздің қазіргі бейнесі деп білеміз. Екіншіден, бұл еңбекте білімнің көзі бар. Өйткені, көптеген тарихи деректер жинақталған», депті. «Автордың ғалымдығы»... «білімнің көзі бар»... Ерекеңнің

жөн-жосықсыз ешкімді мақтамайтынын ескерсек, бұл артық айтылған сөз емес, әскери қызметті ғылыммен шебер ұштастырып жүрген Абай Тасболатовтың еңбегіне, азаматтық болмысына берілген шынайы баға. Кезінде оның ғылыми жұмысына жетекшілік еткен марқұм, академик Манап Қозыбаев та оның осындай қасиеттерін жоғары бағалағанын білеміз. Ғылыми жұмыс демекші, оның кеңестік жүйенің аяқ кезіндегі кандидаттық диссертация тақырыбының жұртты дүрліктіргені бар. Ол «Кеңес армиясындағы ұлт мәселесі» деп аталатын. Мұны естіген диссертациялық кеңестің мүшелері тіпті аузын ашуға мүмкіндік бермей: «Атама, өзінді де, бізді де құртасың, қызметіңнен қуыласың, бәрінен айырыласың», деп ат-тондарын ала қашқан. «Мен не деймін, домбырам не дейді» дегендей, бұл аң-таң. «Кеңес Одағында ұлт мәселесі жоқ, бәрі шешілген. Басқа тақырып құрып қалды ма, қайдағыны қайдан тауып алып жүрсің?» дейді. Ешқайсысының мәселенің байыбына бойлағысы жоқ, заман да, адам да өзгеріп жатқанын ескермейтін сияқты. Өз зерттеулеріне сүйенсе, бұл кезде кеңес әскерлері құрамындағы түркі тектес халықтар өкілдерінің үлес салмағы 65-70 пайызға жетіп қалған. Осы жайды ескеріп жатқан ешкім жоқ. Баяғыдан бері келе жатқан сегіз сағаттық «Халықтар достығы» сабағы бәрін шешеді деп ойлаған ғой. Абайдың өз пайымдауынша, әскери саладағы жоғары оқу орындарының бағдарламасына түбегейлі өзгерістер енгізетін мезгіл жетті. Аттары аңызға айналған көшпенділер – сақтардың, ғұндар мен көк түркілердің ұрпағымен жұмыстың сипаты өзгеше болу керек. Олардың жауынгерлік даярлық, кәсіби деңгейін арттыру үшін



тілін, дәстүрін біліп, даңқты бабалары – терең ақыл, биік намыс, ержүректікті ту етіп көтерген ұлы хандар мен батырлар рухында тәрбиелеу керек. «Түркі жұрты үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым», деп ел мүддесін бәрінен жоғары қойған Құлтегін бабасын, Тоныкөк пен Білге қаған секілді көреген билеуші, ұлы қолбасшылардың, Қазақ хандығының негізін салушы Керей мен Жәнібек, Қасым, Хақназар, Есім, Тәуке, Әбілқайыр мен Абылай, халқына деген адалдығы, ерлігі мен батырлығы мәңгілікке сақталып қалған Жалаңтөс, Қарасай, Ағынтай, Қожаберген, Есет, Бөгенбай, Қабанбай, Хангелді, Саңырық, Өтеген, Қойгелді, Райымбек, Наурызбай, Олжабай, Баян, Жанатай, Жауғаш және басқа да нас батырлардың ісіне, өміріне терең бойламаған жастардан не күтуге болады. Сондықтан олардың сана-сезімінде төңкеріс жасау керек. Ол үшін жас сарбаздармен күнбе-күн жұмыс істейтін офицерлер қарамағындағылардың салт-дәстүрлерін білулері, құрметтеулері керек. Араға біраз уақыт салып диссертациялық кеңестің алдына қайта оралған ол осының бәрін соқырға таяқ ұстатқандай дәлелдеп шықты. Алматы жоғары жалпы әскерлік командалық училищесін тәмамдаған, одан кейін Мәскеу қаласындағы М.В.Фрунзе атындағы Әскери академияны бітірген білікті офицер осымен шектеліп қалған жоқ, өзінің қолға алған ісін аяғына дейін жеткізбей тынбайтын мінезіне басып ғылым саласындағы ізденістерін одан әрі жалғастыра берді, арада 14 жыл өткеннен кейін Мәскеу ғалымдарының алдында тағы бір еңбегін ойдағыдай қорғап, тарих ғылымдарының докторы

атанды.

Осы материалға отырып, Абай Тасболатов өмірінің иірімдеріне тереңдеген сайын сегіз қырлы деген сөздер ойға орала берген. Шынында да, ол кісі қызығарлық небір асыл қасиеттерді бойына жиған ғажайып тұлға. Демалыс сағаттарында домбырасы қолынан түспейді. Тарихқа жүйрік екені жай да түсінікті ғой, ал әдебиетке, әнге құштарлығын оятқан қандай тылсым күш!? Әжесінің әлдиі ме, әлде Абай, Мағжан жырларының құдіреті ме... «Сегіз Серінің, Ақан

сәтте осы кітапшасын таппай қалып қатты қысылыпты. «Бұл кітапша маған өте қымбат. Өзін қашан бастағанымды да ұмытып қалдым. Кәдімгі менің ақылшым сияқты». Жаратқан жарық дүниеге шыр етіп келген пенделерін алаламай әу баста қай-қайсысына болсын, сан-алуан жақсы қасиеттерді үйіп-төгіп береді екен. Алайда, соның бәрін сақтап, молайту, өз басының, елінің игілігіне жарату екінің біріне бұйырмаған. Тынымсыз ізденіп талпынғандар ғана биіктерді бағындырады, бойындағы жақсы қасиеттерін

мешіт үйі еді. «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы төрағасының орынбасары Төлеген Мұқашев: «Генерал жерлесіміз Абай Тасболатовтың бастамасымен салынды» деді. Мектеп табалдырығынан аттадық. Мектеп өмірі туралы әңгімелеген жас директор Абай Бөлекбайұлының айтуымен оқу орнының тарихы туралы кітап дайындап жатқандарын тілге тиек етті. Иә, ол қайда жүрсе де алтын бесігі – ауылын ұмытпайды. «Шіркін, ауылға не жетсін! Ауасы қандай,



серінің, Біржан салдың, Үкілі Ыбырайдың әндерін жақсы көремін. Қожаберген бабамыздан, Шал ақыннан қалған сөздер қандай керемет! Солардың бәрін есте сақтай алмай-сың, қойын кітапшама жазып жүремін...» Абай Бөлекбайұлының жанынан бір елі тастамайтын қойын кітапшасы барын онымен араласатындардың бәрі біледі. Іші толған- ой, сыр. Күнделік десе де болғандай. Бірде кейіпкеріміз іздеген

ұштап, сан-қырлы азамат болып қалыптасады, бақытын табады. Абай Тасболатов та нақ осындай азамат. Жақында жол түсіп, Көбешке (А.Тасболатовтың туған ауылы) барған едім, кәдімгідей көтеріліп, көркейіп қалыпты. Осыдан он-он бес жыл бұрын қаңырап бос қалған үйлердің бәрі жөнделген, иелері бар, жұмыс істеп тұр, ауалары гүлге толы. Солардың арасында менің көзіме оттай басылғаны жаңа

адамдары қандай!...». Осы бір сүйіспеншілік жүректі тербейді, кейде жыр болып төгіледі, кейде күй болып күмбірлейді. Сағыныштан туған сондай бір күйді бірге отырып тыңдадық. «Әжеме арнадым» дейді. Ойды шырмап, бойды шымырлататын дүние екен. Кейіпкерімнің жарқырай көрінген осы бір қасиеті оның тұлғасын бұрынғыдан да асқақтата түскендей.

**Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ**



## ДАСТАН СЕКЕНОВ, БАС ӘСКЕРИ ПРОКУРОР



# ҚУАТТЫ ӘСКЕРДІҢ ТІРЕГІ - ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

### СӨЗ БАСЫ

Әскер – мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі құрылым. Ондағы тәртіп пен заңдылықтың сақталуы – әскери жүйенің тұрақты әрі сапалы қызмет атқаруына тікелей әсер етеді. Осы бағытта әскери прокуратура қадағалау қызметін жүйелі және кешенді түрде жүзеге асырады.

Атап айтқанда, әскери тәртіптің бұзылуына жол бермеу, құқық бұзушылықтардың алдын алу, әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау, әскери мүлікті заңды әрі тиімді пайдалану, әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету және бюджет қаражатын мақсатты жұмсау – басты назарда.

Сондай-ақ, әскери қызметшілердің құқықтық сауатын арттыру мақсатында «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы іске асырылуда. Бұл шара әскери ортада заңға құрметпен қарауды және жауапкершілік сезімін жоғарылатуға бағытталған.

### Жастарға мүмкіндік, сарбазға қорған – әскери прокуратура бастамалары

Бас әскери прокуратураның бастамасымен мерзімді қызметтегі сарбаздарды қолдауға бағытталған әлеуметтік және құқықтық шаралар кешені іске асырылуда. Бұл бастамалар әскери қызметтің беделін арттырып, жастардың болашағына жол ашып, олардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуге септігін тигізуде.

Атап айтқанда, әскери



қызметін мінсіз атқарған сарбаздарға жоғары білімді тегін алу мүмкіндігі берілді. Уәкілетті мемлекеттік органдар еліміздің 82 жоғары оқу орнымен арнайы келісімдер жасап, тәртіптілігімен және жауапкершілігімен ерекшеленген мерзімді әскери қызметшілерге гранттар бөлуде. Үміткерлер ҰБТ мен емтихансыз, арнайы комиссия шешімімен оқуға қабылданады. Бүгінде 2000-нан астам бұрынғы сарбаз осы бағдарлама аясында студент атанды.

Сонымен қатар, сарбаздардың қаржылық қорғалуын қамтамасыз ету бағытында да маңызды заңнамалық өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, әскери қызмет кезеңінде және одан кейінгі 60 күн ішінде шақырылушылар несие төлеу міндетінен босатылады. Осы мерзімде ешқандай өсімпұл мен айыппұл есептелмейді, ал олардың несие тарихында теріс белгілер тіркелмейді.

Сондай-ақ, мерзімді әскери қызметшілерге мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңінде банктік қарыздар беруге тыйым салынды.

Бұл нормалар мерзімді әскери қызметшілердің өз борышын алаңсыз атқарып, қаржылық қиындықтарға ұшырамауын қамтамасыз етеді, сондай-ақ үшінші тұлғалар тарапынан қаржылық қысымды болдырмауға бағытталған.

### Әскерге шақыру: ашықтық пен әділеттілік қағидаттары

Қазіргі таңда мерзімді әскери қызметке шақыру – қоғамда кеңінен талқыланып жатқан өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе жастар мен ата-аналар арасында бұл тақырып алаңдаушылық туғызуда. Бұған себеп – әскерге қатысты қалыптасқан теріс көзқарастар, әлеуметтік желілерде тараған біржақты ақпараттар, сондай-ақ кейбір жағдайда

азаматтарды шақыру комиссияларына күштеп жеткізу фактілері.

Әскерге шақырудың тағы бір маңызды аспектісі – медициналық комиссиялардың қызметі. Денсаулығында елеулі кінәраттары бар азаматтардың әскери қызметке шақырылып, кейін денсаулығына байланысты үйіне қайтарылғаны туралы деректер тіркелген. Мұндай жағдайлар шақыру тәртібіне деген сенімді әлсіретеді.

Осы мәселелерді шешу мақсатында Бас әскери прокуратураның бастамасымен, уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп, азаматтарды шақыру комиссияларына заңды әрі реттелген тәртіппен шақыруға бағытталған алгоритм әзірленіп, қолданысқа енгізілді.

Сонымен қатар, аймақтық және гарнизондық әскери прокурорлар әскерге шақыру науқаны кезінде жергілікті әскери басқару

органдарында тұрақты әрі тосын тексерулер жүргізуде. Нәтижесінде ондаған азаматтың жинақтау орындарына заңсыз жеткізілгені анықталып, олар үйлеріне қайтарылды. Мұндай шаралар жүйелі сипат алып, тұрақты прокурорлық қадағалау тетігіне айналды.

Әскерге шақыру үдерісінің ашықтығын арттыру мақсатында бірқатар цифрлық жаңалықтар енгізілуде. Соның ішінде Қорғаныс министрлігі әзірлеген ARMIA.KZ ақпараттық онлайн-сервисі ерекше орын алады. Жасанды интеллект элементтерімен жабдықталған бұл платформада азаматтар әскери қызметке қатысты маңызды ақпаратпен танысып, өз құқықтары мен міндеттері туралы нақты мәлімет ала алады.

Сондай-ақ WhatsApp мессенджері арқылы іске қосылған виртуалды көмекші — халыққа жедел





құқықтық ақпарат ұсынатын тиімді құрал. Бұл сервис азаматтардың сауалдарына нақты әрі жылдам жауап беріп, олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етуде.

Шақыру науқанындағы ашықтықты қамтамасыз етудің тағы бір маңызды тетігі — медициналық тексерулердің дұрыс өткізілуі. Осы мақсатта «Е-медосмотр» цифрлық жүйесі енгізілді. Бүгінде бұл жүйе Қарағанды облысындағы Абай, сондай-ақ Астана мен Шымкент қалаларында жұмыс істеп тұр. Электронды жүйе медициналық деректердің объективтілігін арттырып, жалған қорытындылар жасау мүмкіндігін болдырмайды. Барлық шешімдер нақты диагноздар негізінде

қабылданады. Бұл тәжірибе болашақта еліміздің барлық аймақтарына кеңейтіледі.

Жоғарыда аталған шаралар әскери қызметке шақыру барысындағы тәртіп пен заңдылықты нығайтуға бағытталған. Бұл — азаматтардың сенімін арттырып, әскери қызметке деген оң көзқарас қалыптастырудың басты кепілі.

### **Жеке құрамның психологиялық тұрақтылығы мен тәртіпті сақтау тетіктері**

Әскери прокуратура органдары жүргізген талдау нәтижесінде кейбір бөлімдерде психолог мамандарының жетіспеушілігі, қолданыстағы психологиялық тестілердің ескіргені және

заманауи әдістемелердің жеткіліксіздігі анықталды. Осыған байланысты әскери прокуратурамен кадрлық қамтамасыз етуді күшейту, тестілеу құралдарын жаңарту және шетелдік заманауи әдістемелерді енгізу жөнінде нақты ұсыныстар берілді.

Аталған ұсыныстар негізінде әскери ведомстволар тарапынан тиісті шаралар қабылдануда. Атап айтқанда, психолог мамандардың штат саны ұлғайтылуда, мамандар қайта даярлау курстарынан өткізілуде. Сонымен қатар, жаңартылған тестілеу жүйелері енгізіліп, халықаралық тәжірибеге негізделген психологиялық әдістемелер әскери тәжірибеге бейімделіп қолданысқа енгізіле

бастады. Бұл қадамдар жеке құрамның психологиялық тұрақтылығын арттырып, әскери ортада моральдық-психологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған.

Сонымен қатар, әскери прокуратураның ұсынысымен әскери қызметшілердің мінез-құлқына теріс әсер ететін факторларды шектеу бойынша құқықтық шаралар қабылдануда. Атап айтқанда, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңға енгізілген өзгерістер арқылы әскери қызметшілердің құмар ойындарға қатысуына тыйым салынды. Аталған талапты бұзғандар әскери қызметтен теріс себептермен босатылады. Бұл норманы түсіндіру мақсатында барлық әскери





бөлімдерде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде 100 мыңнан астам әскери қызметші eGov mobile платформасы арқылы өздеріне құмар ойындарға қатысуға ерікті түрде шектеу қойды.

2025–2028 жылдарға арналған “Әскердегі заң және тәртіп” және “Цифрлық профилактика” бағдарламалары

Әскерде профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыру және құқықтық тәртіпті нығайту мақсатында Бас әскери прокуратураның бастамасымен әскери ведомстволармен бірлесіп «Әскердегі заң және тәртіп» және «Цифрлық профилактика» бағдарламалары әзірленіп, Үйлестіру кеңесінде бекітілді.

Аталған бағдарламаларды 2025–2028 жылдары іске асыру жоспарланған.

Басты назар жеке құраммен жүргізілетін түсіндіру жұмысының сапасын арттыруға аударылды. Бұл бағытта сабақтар барысында интерактивті құралдарды (бейнероликтер, слайдтар), жағдаяттық тапсырмаларды кешенді түрде пайдалану, психологтарды қатыстыру және аудиторияны осы процеске белсенді тарту көзделген.

Төменгі буын командирлерінің бағыныстылармен өзара іс-қимыл және жұмыс жүргізу бойынша даярлығын жетілдіру, сондай-ақ әскери психологтардың біліктілігін арттыру қарастырылған.

Құқық бұзушылықтардың алдын алуға IT-технологияларды енгізуге айрықша назар аударылды.

Әскери бөлімдерді жасанды интеллект элементтері бар заманауи бейнебақылау жүйелерімен кезең-кезеңімен жабдықтау, әскери қызметтің жекелеген

міндеттерін орындау кезінде командирлер мен сарбаздарды бейнежетондармен қамтамасыз ету жоспарланған.

Әскери қызмет туралы ақпаратқа қол жеткізу және оны алу мәселелері бойынша азаматтарға көмек көрсету мақсатында жасанды интеллект негізінде цифрлық кеңесші әзірлеу жұмысы басталды (пилоттық жоба Қорғаныс министрлігінің [armia.kz](http://armia.kz) ведомстволық сайтында жүзеге асырылуда).

Шақыру комиссияларының жұмысының ашықтығы мен объективтілігін арттыру мақсатында олардың отырыстарын аудио-бейнетіркеумен қамтамасыз ету болашақ жоспарлардың бірі.

### Әскери қызметшінің мүддесі – басты назарда

Соңғы жылдары әскери

прокуратура органдары жүргізген тексерулер барысында әскери қызметшілер мен олардың отбасылары тап болатын бірқатар әлеуметтік түйткілдер анықталды. Бұл мәселелер азаматтардың құқықтарын шектеп, олардың тұрмысына елеулі әсер етіп келген. Бас әскери прокуратура қабылдаған шаралар нәтижесінде көптеген түйінді проблемалар шешімін тауып, азаматтардың заңды құқықтары қалпына келтірілді.

